**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 18 қазандағы № 1070 және "Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1431 қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы № 1070 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 56, 535-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2014 № 400 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2014 № 400 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағиданың 5-тармағын, Қағидаға 2-қосымшаның 1-тармағын, осы қаулының 1-тармағы 2) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші және он

сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1431 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 18 қазандағы
№ 1070 қаулысымен
бекітілген

## Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 ж.) 6-қосымшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидада коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларын сертификаттау, оларға пайдаланушы сертификатын (бұдан әрі – пайдаланушы сертификаты) беру, тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібі айқындалады.

3. Пайдаланушы сертификаты қолданылу саласы мен мерзімі көрсетіліп, 2 жыл мерзімге беріледі және басқа тұлғаға беруге жатпайды.

4. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын алғаш рет алған Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасы Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО) тіркеледі, онда оған үш әріптік код пен телефонның шартты түрде шақыру белгісі беріледі. Тіркеу азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның Халықаралық азаматтық авиация ұйымына ( ИКАО) сұрау жіберуі арқылы жүзеге асырылады.

5. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау мемлекеттік бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

6. Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) өтінім – өтініш берушінің сертификаттау рәсімдерінен өту үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жазбаша өтініші;

2) өтініш беруші – азаматтық әуе кемесін пайдаланушының сертификатын алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтініш берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

3) сертификаттық тексеру – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын өтінім берушінің құралдарын, жабдықтарын, пайдалану рәсімдерін, технологиялық процестерін, құжаттамасын, ұйымдық құрылымын, әкімшілік, ұшу және жер бетіндегі персоналының құзыретін сертификаттау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру;

4) сертификаттау талаптары – азаматтық авиацияны сертификаттау саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптар;

5) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқау – өзінің міндеттерін орындау кезінде пайдалану персоналының пайдалануы үшін қағидаларды, нұсқаулықтар мен ұсынымдарды қамтитын құжат;

6) техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқауы – осы пайдаланушының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жоспарлы және жоспардан тыс жұмыстардың бәрінің уақтылы және қанағаттанарлықтай түрде орындалуын басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін пайдаланушы рәсімдерінің сипаттамасын қамтитын құжат;

7) техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламент) – Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жоспарлы жұмыстар мен рәсімдердің сипатын, кезеңділігін қамтитын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжат.

## 2. Сертификаттау тәртібі

7. Сертификаттау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға құжаттармен бірге өтінім береді;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтінім бойынша алдын ала бағалайды және шешім қабылдайды;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттық тексеру жүргізеді;

4) шешім қабылданады және пайдаланушы сертификаты беріледі (беруден бас тартылады);

8. Пайдаланушы сертификатын алғаш рет алуға өтінім коммерциялық әуе тасымалын жүзеге асыруды бастаудың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 60 күн бұрын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Кейінгі сертификаттау кезінде өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға пайдаланушы сертификатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін не коммерциялық әуе тасымалын жүзеге асыруды бастаудың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 30 күн бұрын өзгерістер мен жаңартулар орын алған азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге өтінім береді.

9. Сертификаттау мен пайдаланушы сертификатын беру жалпы мерзімі 2 (екі) айдан аспайды.

## 3. Өтінім беру, алдын ала бағалау және өтінім бойынша шешім қабылдау

10. Өтінім беруші осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтінім жібереді.

Өтінімге осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса берілді.

11. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарайды және олар бойынша күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес тиісті шешім қабылдайды, ол туралы өтінім берушіге хабарлайды.

12. Өтінімді және құжаттарды алдын ала бағалау өтініш берушінің құжаттарында ұсынылған рәсімдермен және әдістермен жалпы танысуды және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 319 қаулысымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкестігін тексеруді қамтиды.

Бұл ретте мынадай мәселелер қаралады:

1) басқарудың ұйымдық құрылымы және негізгі қағидаттары;

2) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес ұшуды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудегі басшы құрамның тәжірибесі, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшы құрам мен мамандар бойынша деректердің болуы;

3) штатының жинақталуы және авиация персоналының даярлық дәрежесі;

4) өтініш берушінің басқа ұйымдармен әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге, сондай-ақ авиация персоналын оқытуға жасасқан келісімдерінің болуы;

5) әуе кемелерін экипажымен немесе экипажсыз (мұндай болған жағдайда) жалға алу келісімдерінің (шарттарының) болуы;

6) әуе кемелерін ұшуда, техникалық пайдалану, ұшуларды орындауды қамтамасыз ету және авиация персоналы үшін қажетті ғимараттар мен құрылыстардың болуы;

7) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаудың болуы және оның мазмұны;

8) осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушы нұсқауының болуы және оның мазмұны;

9) ұсынылатын әуе тасымалдарының көлемін, әуе кемелерінің үлгісін, басқару және басшылық ету әдістерін, өтінім берушінің басшы орындарындағы мамандардың құқықтары мен міндеттерін бағалау;

10) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бағдарламаларының ( регламенттердің) болуы және мазмұны;

11) өтінім бойынша шешім қабылдау.

13. Осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтінім мен қоса берілген құжаттар қайтару себебін көрсете отырып, қайтаруға жатады.

14. Өтінім мен құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келген жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттық тексеруді өткізу үшін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрып, оның құрамына функцияларына ұшуда пайдалану, әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы және авиация персоналына куәлік беру мәселелері жататын мемлекеттік авиация инспекторларын қосады.

## 4. Сертификаттық тексеру

15. Сертификаттық тексеру мемлекеттік авиация инспекторлары үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әзірлеген нұсқамалық материалды пайдалана отырып, сертификаттау талаптарына сәйкестігін тексеру үшін жүзеге асырылады.

16. Комиссия ұшуды қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша сертификаттық тексеруді жүргізеді:

1) құқықтық;
2) қаржы-экономикалық;
3) ұшуда пайдалану және оны ұйымдастыру;
4) ұшуға жарамдылығын қолдау;
5) аэронавигациялық;
6) әуежайлық;
7) метеорологиялық;
8) медициналық;
9) авиация персоналын даярлау және қайта даярлау;

10) авиациялық қауіпсіздік;

11) авариялық және іздестіру-құтқару.

17. Ұшу және жер бетіндегі қызметтерді тексеру қойылған міндеттерді шешу үшін авиация персоналының, жердегі құралдардың және жабдықтардың дайындық дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі.

18. Ұшу жұмысын ұйымдастыру, ұшқыштар құрамын даярлау және біліктілік беру азаматтық авиация саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Бұл ретте ғимараттар мен құрылыстардың тиісінше жабдықталғаны, күзет сигнализациясының, хабарландыру құралдарының болуы және олардың тікелей мақсаты бойынша пайдаланылуы тексеріліп, расталады.

Ангар құрылыстары, зертханалар, авиатехниканы жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі цехтар, жолаушылар кешендері, қоймалар мен басқа да құрылыстар белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі.

19. Пайдаланушыда әуе кемелерін ұшуды, техникалық пайдалану және ұшуды орындау үшін қажетті даярланған персоналы, құжаттамасы мен жабдықтары болады.

Өтініш берушінің пайдаланылатын әуе кемелерінің бәрінде қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаттары немесе Қазақстан Республикасында жарамды деп танылған шетел мемлекеттерінің ұшуға жарамдылық сертификаттары болады.

20. Халықаралық ұшуды орындаған кезде өтініш беруші басқа елдердің әуежайларында өз өкілдерінің немесе басқа елдердің әуежайларында өз өкілдерінің немесе басқа елдердің әуежайларында өкілдігі бар азаматтық авиацияны ұйымдарымен шарт жасасу арқылы техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Басқа елдердің әуежайларында техникалық қызмет көрсету тиісті мемлекеттің әуежайларында техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

21. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес 2 данада сертификаттық тексеру актісі жасалып, онда өтініш беруші объектілерінің нақты жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар мен пайдаланушының сертификатын беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіледі. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге беріледі.

22. Сертификаттық тексеруді жүргізу кезінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, өтініш беруші күнтізбелік 10 күн ішінде түзету іс-қимылдарының жоспарын жасайды, оны азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді

. Өтініш берушіге пайдаланушы сертификаты берілгенге дейін, өтініш берілген кезден бастап сертификаттаудың жалпы мерзімінен асырпайтын мерзімде сәйкессіздіктерді жоюға мүмкіндік беріледі.

23. Өтініш беруші түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген сәйкессіздіктердің бәрін жойған болса және сертификаттау талаптарына сай болған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтініш берушіге пайдаланушы сертификатын беру туралы шешім қабылдайды.

## 5. Пайдаланушы сертификатын беру, беруден бас тарту

24. Пайдаланушы сертификатын беру үшін пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысымен сертификаттық тексеру актісі негіз болып табылады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификат беру туралы шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес пайдаланушы сертификатын ресімдеуді және беруді жүргізеді.

25. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қолы қойылған және мөрімен куәландырылған пайдалану ерекшеліктері бар пайдаланушы сертификатының көшірмесі әуе кемесінің бортында болуға тиіс.

26. Егер:

1) өтініш беруші ұсынатын қызметтер көрсету сертификаттау талаптарына сәйкес келмесе;

2) өтініш берушіге қатысты қызметтердің осы түрлерін көрсетуге тыйым салатын сот шешімі болса;

3) түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген сәйкессіздіктерді өтініш беруші сертификаттаудың жалпы мерзімі өткенге дейін жоймаса, пайдаланушы сертификатын беруден бас тарту жүргізіледі.

27. Пайдаланушы сертификатын беруден бас тартылған жағдайда, өтініш берушіге бас тарту себептері жазбаша түрде көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

28. Пайдаланушы сертификатында белгіленген пайдалану талаптары мен шектеулерді пайдаланушы сақтайды.

## 6. Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұру және оны қайтарып алу

29. Мынадай:

1) пайдаланушы сертификаттау талаптары мен шектеулерді сақтамаған;

2) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыру қамтамасыз етілмеген;

3) инспекциялық тексеру кезінде, оның ішінде шетел мемлекеттерінде белгіленген ұшу қауіпсіздігіне әсерін тигізетін маңызды бұзушылықтар анықталған;

4) пайдаланушы жазбаша өтініш берген жағдайларда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұрады.

30. Инспекторлық ұйғарымның белгіленген мерзімде орындалмауы сертификаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу үшін негіз болып табылады.

31. Пайдаланушы коммерциялық әуе тасымалдарын алты айдан астам мерзімге тоқтатқан жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушы сертификатын қайтарып алады.

Бұл ретте азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Қағиданың 1-тармағыны бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім басталғанға дейін күнтізбелік 30 күн бұрын пайдаланушыға сертификатты кері қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабарлайды.

32. Осы Қағиданың 29-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайдан басқа, пайдаланушы сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тоқтата тұрудың себебін көрсетеді және пайдаланушы сертификатының тоқтатыла тұру мерзімін белгілейді, бірақ ол тоқтатыла тұрған кезден бастап алты айдан аспауға тиіс.

Егер әуе кемесін пайдаланушы анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймаған болса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушының сертификатын қайтарып алады.

33. Пайдаланушы сертификаты тоқтатыла тұрған жағдайда, оның қолданылуын қалпына келтіруді анықталған кемшіліктерді пайдаланушы жойғаннан кейін және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес пайдаланушыны тексеруді жүргізгеннен кейін ғана азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

34. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушы сертификатының қолданылуын қайта қалпына келтіру немесе қайта қалпына келтіруден бас тарту туралы шешімді тексеру аяқталған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде пайдаланушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

35. Пайдаланушы сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе ол қайтарып алынған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қабылданған шешім туралы пайдаланушыға және аэронавигациялық ақпарат қызметіне дереу хабарлайды.

36. Пайдаланушы сертификаты қайтарып алынған жағдайда, пайдаланушы сертификаттың түпнұсқасын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға дереу қайтарады.

37. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде бұл туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ИКАО) хабарлайды.

## 7. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер енгізу, телнұсқасын беру

38. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер мен толықтырулар:

1) пайдаланушының өтінімі бойынша;

2) пайдаланушыға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша енгізіледі.

39. Пайдаланушының атауының, оның мәртебесінің, ведомстволық тиесілілігінің өзгеруі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктерге әкеп соқтырмайтын болса, мұндай жағдайда пайдаланушы сертификатына және пайдалану ерекшеліктеріне тиісті өзгерістер енгізіледі. Өзгерістерді енгізу мерзімі өтінім берілген сәттен бастап күнтізбелік 10 күнді құрайды.

40. Пайдаланушы бұрын өзі пайдаланбаған басқа үлгідегі әуе кемелерін сатып алған жағдайда, пайдаланушы осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес құжаттармен бірге азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтінім жібереді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтінім келіп түскен сәттен бастап он күндік мерзімде:

1) ұсынылған құжаттарды қарайды;

2) енгізілетін өзгерістерге қатысты бөлікте пайдаланушыны жоспардан тыс инспекциялық тексеруді жүргізеді, оның нәтижелері бойынша пайдаланушы сертификатына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

41. Егер:

1) өтініш беруші ұсынған құжаттар осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес келмесе;

2) пайдаланушы бұрын өзі пайдаланбаған басқа үлгідегі әуе кемелерін сатып алған жағдайда, ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін, инспекциялық тексеру кезінде белгіленген маңызды бұзушылықтар анықталса, мәлімделген әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізуден бас тарту жүргізіледі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мәлімделген әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізуден бас тартқан жағдайда, өтініш берушіге

күнтізбелік 10 күн ішінде бас тартудың себептері көрсетіле отырып, жазбаша түрде негізделген жауап береді.

42. Пайдаланушы сертификаты бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік 10 күн ішінде пайдаланушы сертификатының телнұсқасын береді.

43. Пайдаланушы сертификатының телнұсқасын алу үшін пайдаланушы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға қажетті негіздемемен бірге және жоғалу (ұрлану) жағдайларын қоспағанда, бұрын берілген пайдаланушы сертификатын қоса беріп, еркін нысанда өтініш береді.

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
1-қосымша

Нысан

## Өтінім

Пайдаланушы сертификатын (ПС) алуға (ұзартуға) үміткер толтырады
Алғаш рет беру/қолданылу мерзімін ұзарту
(керегінің астын сызу)

## 1. Жалпы ақпарат

1. Компанияның ресми атауы және саудадағы атауы (егер өзгеше болса):
1) № ____________________________________________ ПС өтініш беруші;
2) пайдаланушы "__________________________________________________";
3) телефон, факс: _________________________________________________;
4) электронды поштасының мекенжайы: ____________________________.
2. Заңды мекенжайы, телефоны және факсы: ______________________.
3. Қызметтік қосымша мекенжайы: _________________________________.
4. Жұмысты бастау межеленген күн: _______________________________.
5. Алғаш рет сертификатталған жағдайда, ұшу-пайдалану агенттігі үшін сұралатын шартты белгілер.
6. ИКАО/ИАТА коды (3 әріптік/2 әріптік, бар болса):
____________________________________________/_____________________________
_.

7. Басшылар мен негізгі қызметкерлер.

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Телефоны, факсы, электронды поштасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1) Пайдаланушының басшысы | | |
| 2) Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның басшысы | | |
| 3) Ұшу қызметінің басшысы | | |
| 4) Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі басшы | | |
| 5) Жер үсті қызмет көрсету жөніндегі басшы | | |
| 6) Персоналды даярлау жөніндегі қызмет басшысы | | |
| 7) Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы | | |
| 8) Бортсеріктер қызметінің басшысы (жолаушыларды тасымалдайтын пайдаланушылар үшін) | | |
| 9) Сапаны бақылау қызметінің басшысы | | |

## 2. Техникалық қызмет көрсету және өтініш беруші тасымалдарының түрлері

8. Пайдаланушы:

техникалық қызмет көрсетуді өз бетімен жүзеге асыруды/техникалық қызмет көрсетуді шарттар негізінде орындауды жоспарлап отыр (керегінің астын сызу).

9. Тасымалдаудың ұсынылған түрлері:

жолаушылар және жүк/жүк/пошта жөнелтілімдері (керегінің астын сызу).

## 3. Әуе кемелері мен болжамды ұшулар ауданы туралы ақпарат

10. Әуе кемелері туралы мәліметтер (меншікті, жалға алынған):

1) Түрі, моделі және версиясы бойынша әуе кемелерінің саны, сондай-ақ ұлттық айырым және тіркеу белгілері;

2) Жолаушы креслоларының саны және/немесе пайдалы жүктелуі (кг, тонна);

3) Әуе кемесінің рұқсат етілген ең ауыр ұшып көтерілу салмағы (MTOW).

11. Әуе кемесінің (кемелерінің) лизингі туралы келісімдердің деректері, лизинг мерзімі, әуе кемелерін иеленушінің атауы мен заңды мекенжайы: _______

______________________________________________________

12. Ұшудың болжамды ауданы (аудандары):

Кариб өңірі (CAR), Африка және Үнді мұхиты өңірі (AFI), Еуропа өңірі (EUR ), Таяу Шығыс және Азия өңірі (MID/ASIA), Солтүстік Америка өңірі (NAM), Солтүстік Атлант өңірі (NAT), Тынық мұхиты өңірі (PAC), Оңтүстік Америка өңірі (SAM) (керегінің астын сызу).

## 4. Ұшу түрлері, арнайы шектеулер мен рұқсаттар туралы ақпарат

13. Ұшу түрлері:

тұрақты ішкі/тұрақты халықаралық/тұрақты емес ішкі/тұрақты емес халықаралық (керегінің астын сызу).

14. Арнайы рұқсаттар/мақұлдаулар (әр әуе кемесіне толтырылады):

1) Көріну қашықтығы ҰҚЖ (RVR) (метр);

2) Шешім қабылдаудың қатысты биіктігі DH (метр/фут);

3) Көрініс шектеулі болғанда ұшып көтерілу LVTO RVR (метр);

4) Ең төменгі навигациялық сипаттамаларға қойылатын талаптар MNPS;

5) Аймақтық дәл навигация P-RNAV (Precision RNAV);

6) Аймақтық базалық навигация B-RNAV (Basic RNAV);

7) Талап етілетін навигациялық сипаттамалар (RNP);

8) Тігінен эшелондаудың қысқартылған минимумы (RVSM);

9) Әуе қозғалысы туралы ақпарат беру және соқтығысудың алдын алу жүйесі (TCAS);

10) Жерге жақындау туралы сигнал берудің электронды жүейсі (EGPWS);

11) Жаһандық навигациялық жерсеріктік жүйе (GNSS);

12) Қашықтан әрекет ететін навигациялық жүйелер (LRNS);

13) Жан-жаққа бағытталған АЖЖ-радиомаяк (VOR);

14) Инерциялық тірек блогі (инерциялық өлшегіш)/Инерциялық тірек жүйесі (IRU/IRS);

15) Қашықтықты өлшеу жабдығы (DME);

16) Электронды ұшу құжаттамасы (EFB);

17) Қауіпті жүктер;

18) Қосалқы әуеайлаққа кететін уақыт ұлғайтылған ұшуды орындау (EDTO): шекті уақыт _____ (минут), қашықтық ______ (теңіз милі NM);

19) Қосалқы әуеайлаққа кететін уақыт ұлғайтылмаған ұшуды орындау ( non-EDTO) ______ (минут);

20) Қосалқы әуеайлаққа дейін ұшатын ең көп уақыт ________ (минут);

21) Тұрған жерін айқындаудың жаһандық жүйесі бойынша қонуға бет алу ( GPS Approach) (қолданылатынының астын сызу, қажет болған жағдайда, толтыру ).

Арнайы шектеулер: ___________________________________.

## 5. Авиациялық персоналдың даярлығы туралы ақпарат

15. Персоналдың ұсынылатын даярлығы (ұшу персоналына арналған пилотаждық тренажерлар және/немесе кабина персоналына арналған тренажерлық қондырғылар):

16. Пайдаланушы сертификатын алуға өтініш беру ниетін растау.

| Қолы: | Күні: | Т.А.Ә. және қызметі: |
|---|---|---|

17. Уәкілетті орган енгізетін мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Өтініш пен құжаттардың келіп түскен күні: | |
| Тіркеу нөмірі: | |
| Жауапты лауазымды адам: | |

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
2-қосымша

## Пайдаланушы сертификатын алуға өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама;

Ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

3. Өтініш беруші жарғысының және құрылтай шартының көшірмелері.

4) Өтініш берушінің ақпараты, ол мынаны қамтиды:

1) өтініш берушінің негізгі деректері мен құрылтайшысы;

2) жоспарланатын коммерциялық әуе тасымалының түрлері;

3) ұшу жұмысын ұйымдастыру;

4) ұшуға жарамдылықты қолдау жүйесі;

5) ұшуды қамтамасыз ету;

6) ұшу персоналы мен техникалық персоналдың әзірлігі;

7) техникалық қызмет көрсету объектілерінің әзірлігі;

8) әуе кемелерінің әзірлігі;

9) авариялық эвакуацияны демонстрациялау және демонстрациялық ұшуды өткізу мүмкіндігі.

5. Ұйымдық құрылымы, басқару құрылымы мен қызметі, Т.А.Ә., білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі көрсетілген жауапты тұлғалар.

6. Мынадай басшылардың тағайындалғанын растайтын құжаттар:

ұшу қызметі;

ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция;

ұшуға жарамдылықты қолдау;

сапаны бақылау;
авиациялық қауіпсіздік;
персоналды даярлау.

7. Тұрақты тасымалдау үшін жоспарланатын межелі пункттер мен қосалқы әуеайлақтардың, тұрақты емес тасымалдау үшін ұшу аудандарының және жоспарланатын ұшу үшін қолданылуына қатысты пайдалану базаларының тізімі.

8. Түрі, моделі, сериясы, ұлттық және тіркеу белгілері, ұшуға жарамдылық сертификаттары, радиостанцияларға рұқсаттары, жергілікті жердегі шу бойынша сертификаттары (егер көзделген болса) көрсетілген әуе кемелерінің тізімі. Әуе кемелері жалға алынған жағдайда жалға алу (лизинг) шарттарын ұсыну қажет.

9. Ұшу және жер үсті персоналын даярлау мен аттестаттауды ұйымдастыру бойынша ақпарат.

10. Персоналды бастапқы даярлау және қайта даярлау бағдарламасы ( Нұсқауы), бұл ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаудың бір бөлігі болып табылады немесе жеке құжат болып әзірленеді.

11. Ұшуды жүргізу бойынша нұсқау.

12. Техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқауы.

13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша бағдарлама ( регламент).

14. Сертификатталған ең ауыр ұшып көтерілу салмағы 5700 кг асатын әуе кемелерін пайдаланатын пайдаланушылар үшін ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша нұсқау.

15. Байланыс рәсімдерін (dispatch) қоса алғанда, ұшуды орындауды басқаруды және бақылауды ұйымдастыру бойынша ақпарат.

16. Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңдарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері .

17. Өзінің авиациялық қызметінің қажетті түрлерін пайдаланушының қамтамасыз етуі жөніндегі шарттардың көшірмелері;

18. Пайдаланушының басшысы бекітетін әуе кемелерін бояу үлгілері мен мәтіндік сипаттамасы.

19. Азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласу актілерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралар туралы құжаттар.

20. Пайдаланушының өзі жүзеге асыратын немесе шарттық негізде жүзеге асырылатын ұшуды жер үстінде қамтамасыз ету бойынша ақпарат.

21. Пайдаланушы (өтініш беруші) ұсынатын операциялардың арнайы түрлеріне қатысты бақылау мақсатындағы тексеру карталары (Cat II, III, RVSM, EDTO, PBN, RNAV, RNP).

22. Жұмыс түрлері көрсетілген сыртқы ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттардың тізбесі.

23. сыртқы ұйымдармен ұшуға жарамдылықты қолдауға жасалған шарттардың көшірмелері.

24. Жолаушы және жүк тасымалын ресімдеу үшін қажетті құжаттардың үлгілері.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың бәрінің көшірмелері мемлекеттік қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылады.

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
3-қосымша

Нысан

**Пайдаланушы сертификатын алуға арналған өтінім бойынша шешім "___" __________ 20__ ж. № _____ _______________________________________ _______________________________**

(өтініш берушінің атауы)
коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыруға азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын алуға арналған өтінімін қарап, Сіз ұсынған құжаттар Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасына сәйкес (сәйкес емес) (құжаттар сәйкес келмеген жағдайда сәйкессіздік тармағы/тармақтары көрсетіледі) келетінін хабарлаймыз.

МО Уәкілетті органның басшысы не
ол уәкілеттік берген адам
_______________ __________
(Т.А.Ә.) (қолы)

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
4-қосымша

**Осы қағидаға 2-қосымшаның 6-тармағында көрсетілген басшы құрам жөніндегі деректер**

1. Т.А.Ә., туған жылы, атқаратын қызметі.
2. Білімі.
3. Азаматтық авиация маманының куәлігі.
4. Біліктілікті жетілдіру курстарын өткені туралы құжат.

5. Басшы қызметтерде атқарған жұмысы (атқаратын қызметіндегі жұмыс өтілі көрсетіледі).

Басшы ____________________________________________________________

(күні, қолы)

Өтініш беруші осы қосымшаның 2, 3, 4-тармақтары бойынша өтініш берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған растау құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
5-қосымша

## Ұшуды жүргізу бойынша үлгілік нұсқау

1. Ұшуды жүргізу бойынша нұсқауды өтініш беруші әуе кемелерін пайдалануды реттейтін қолданыстағы қағидаларға, нұсқауларға және басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әдістемелік құрал ретінде ИКАО 9376-AN/914 құжатын және төмендегілерде келтірілген ұшуды жүргізу бойынша Нұсқауды пайдалана отырып әзірлейді:

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымшаның В-толықтыруында. Әуе кемелерін пайдалану, I бөлім. Халықаралық коммерциялық көлік. Ұшақтар – ұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін;

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымшаның Н-толықтыруында. Әуе кемелерін пайдалану, III бөлім. Халықаралық ұшулар, Тікұшақтар – тікұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін.

2. Ұшуды жүргізу бойынша нұсқаудың төмендегідей құрылымы бар:

А бөлігі. Жалпы ережелер;

В бөлігі. Әуе кемесін пайдалану бойынша ақпарат;

С бөлігі. Аудандар, маршруттар мен әуеайлақтар;

Д бөлігі. Дайындық.

3. Ұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін Нұсқау мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

А бөлігі. Жалпы ережелер.

1-тарау. Әкімшілік және ұшуды жүргізу бойынша нұсқауды бақылау.

2-тарау. Ұшуды жүргізуге қатысы бар персоналдың міндеттерінің жалпы сипаттамасын қамтитын нұсқаулықтар.

3-тарау. Шаршауды бақылауға қатысты ақпарат және саясат, мыналарды қоса алғанда:

1) ұшу уақыты, қызметтік ұшу уақыты және қызмет уақытының нормативтері мен ұшу және кабина экипаждары мүшелерінің демалу уақытына қатысты ережелер;

2) пайдаланушының FRMS жүйесіне қатысты саясат пен құжаттамасы.

4-тарау. Сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану белгіленген әуе кеңістігінде ұшуды жүргізуге қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, бортта болуға тиісті навигациялық жабдықтардың тізбесі.

5-тарау. Тиісті ұшулар үшін – қозғалтқыштың істен шығуына байланысты ұзақ навигацияның ережелерін пайдалануға жататын EDTO орындау рәсімі, сонымен қатар қосалқы әуеайлақтардың тағайындалуы мен пайдаланылуы.

6-тарау. Радиожиіліктi тыңдау қажеттілігі туындаған жағдайлар.

7-тарау. Ұшудың ең төменгі абсолютті биіктігін анықтау әдісі.

8-тарау. Әуеайлақтардың пайдалану минимумдарын анықтау әдістері.

9-тарау. Бортта жолаушылар болған жағдайда жанармай құю кезінде қолданылатын іс-шаралар.

10-тарау. Жер үсті қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның рәсімдері.

11-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 12-қосымшасында белгіленген оқиғаның куәгері болған әуе кемелері командирлерінің әрекет ету тәртібі.

12-тарау. Орындалатын әрбір ұшу үшін ұшу экипажының құрамы, сондай-ақ командирлік басшылық ету сабақтастығының тәртібі.

13-тарау. Ұшудың барлық жағдайларын, оның ішінде ұшу бағытында герметизациясын жою және бір немесе бірнеше қозғалтқыштардың тоқтап қалу мүмкіндігін ескере отырып, бактарда болуға тиісті жанармай мен майдың санын есептеу бойынша нақты нұсқаулықтар.

14-тарау. Оттегі және оттегінің қорлары пайдаланылатын жағдайлар.

15-тарау. Салмақ пен салмақты орталықтандыруды бақылауға қатысты нұсқамалар.

16-тарау. Мұз қатуды жою/алдын алу және осы операциялардың орындалуын бақылау жұмыстарына қатысты нұсқамалар.

17-тарау. Ұшудың жұмыс жоспарына қойылатын техникалық талаптар.

18-тарау. Ұшудың әрбір кезеңі үшін стандартты пайдалану рәсімдері (SOP).

19-тарау. Әдеттегі бақылау тізбелерін пайдалану және пайдалану уақытына қатысты нұсқамалар.

20-тарау. Күтпеген жағдайда ұшып кету қағидалары.

21-тарау. Абсолютті биіктік туралы ақпаратты және автоматты құралдары немесе ұшу экипажының мүшелері арқылы абсолютті биіктік туралы хабарлауға қатысты нұсқамалар.

22-тарау. Аспапты метеожағдайларда автопилотты және күш автоматтарын пайдалануға қатысты нұсқамалар.

23-тарау. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органының рұқсатын нақтылау және қабылдау, оның ішінде жергілікті жерден ұшып өтуге қатысты нұсқамалар.

24-тарау. Ұшып кетуге және қонуға бет алуға қатысты нұсқамалық.

25-тарау. Аудандармен, маршруттармен және әуеайлақтармен танысу рәсімдері.

26-тарау. Қонуға тұрақтандырылған бет алу рәсімі.

27-тарау. Жер бетінің таяғанда жоғары жылдамдықты шектеу.

28-тарау. Аспаптар бойынша қонуға бет алуды бастау немесе жалғастыру үшін қажетті шарттар.

29-тарау. Аспаптар бойынша қонуға дәл және дәл емес бет алуға қатысты нұсқамалар.

30-тарау. Түнгі уақытта аспаптар бойынша қонуға бет алу мен қону және аспаптық метеорологиялық жағдайлар кезінде ұшу экипажының мүшелері арасында міндеттерді бөлу және жұмыс жүктемесін реттеу рәсімдері.

31-тарау. Ақауы жоқ әуе кемесінің жермен соқтығысуын болдырмау әдістерін оқыту жөніндегі нұсқаулықтар мен талаптар, сонымен қатар жерге жақындау туралы ескерту жүйесін (GPWS) пайдалану қағидаттары.

32-тарау. Соқтығыстардың алдын алу әдістерін оқытудың және соқтығысуды болдырмаудың борттық жүйесін (СЕБЖ) пайдаланудың қағидаттары, нұсқаулықтары, қағидалары мен талаптары.

33-тарау. Азаматтық әуе кемелерін басып алуға қатысты ақпарат пен нұсқаулықтар, оның ішінде:

a) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 2-қосымшасында белгіленген басып алынатын әуе кемелері командирлерінің іс-қимыл жасау тәртібі;

b) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 2-қосымшасынан алынған басып алатын және басып алынатын әуе кемелері пайдаланатын көрнекі сигналдар.

34-тарау. 15 000 м (49 000 фут) жоғары биіктікте пайдалануға жататын ұшақтар үшін:

a) ғарыштық күн радиациясының әсер етуі жағдайында пилотқа іс-әрекеттердің тиімді жүрісін анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат;

b) мыналарды көздейтін биіктікті төмендету туралы шешім қабылдау кезіндегі іс-әрекеттердің тәртібі:

1) орын алған жағдай туралы әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі тиісті органға хабарлау және төмендеуге уақытша рұқсат алу қажеттілігі;

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша тиісті органмен байланыс орнату мүмкіндігі болмағанда немесе бұл байланыс үзілген жағдайда, орындалуға тиісті іс-әрекет.

35-тарау. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі туралы толық мәліметтер.

36-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ақпарат және нұсқаулықтар, сонымен қатар авариялық жағдай туындаған кезде орындауға тиісті іс-әрекеттер.

37-тарау. Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар және нұсқамалар.

38-тарау. Ұшақты тексеріп қарау қағидаларының бақылау тізімі.

39-тарау. Коллиматорлық индикаторларды (HUD) және қажет болған жағдайда, визуализацияның кеңейтілген мүмкіндіктері бар техникалық көру жүйелерін (EVS) пайдалану саласында дайындық бойынша нұсқаулықтар және талаптар.

В бөлігі. Әуе кемесін пайдалану бойынша ақпарат.

1-тарау. Сертификаттық шектеулер және пайдалану бойынша шектеулер.

2-тарау. Әдеттегі, штаттан тыс және авариялық жағдайлар кезіндегі ұшу экипажы іс-әрекеттерінің тәртібі және онымен байланысты бақылау карталары.

3-тарау. Пайдалану бойынша нұсқаулықтар және барлық жұмыс істейтін қозғалтқыштардың биіктік алуының сипаттамалары туралы ақпарат.

4-тарау. Тартылыстың/қуаттың және жылдамдықтың белгіленген әртүрлі мәндерін ұшу алдында және ұшуды жоспарлау үшін ұшуды жоспарлау деректері.

5-тарау. Пайдаланылатын ұшақтың әрбір түрі үшін желді бүйір және бағыттас құрамдас бөлігінің ең жоғары мәндері және желдің екпінін, нашар көрінуін, ҰҚЖ бетінің күйін, экипаж тәжірибесін, автопилотты пайдалануды, штаттан тыс немесе авариялық немесе ұшуды жүргізумен байланысты факторларды ескере отырып, қолдануға жататын азайтылған мәндер.

6-тарау. Салмақты және салмақты орталықтандыруды есептеу үшін нұсқаулықтар және мәліметтер.

7-тарау. Әуе кемесіне жүктеу және жүкті арқандап байлау бойынша нұсқаулықтар.

8-тарау. Әуе кемелерінің жүйелері, басқарудың тиісті органдары және оларды пайдалану бойынша нұсқаулықтар.

9-тарау. Пайдаланылатын ұшақтардың түрлері үшін ең төменгі жабдықтардың және конфигурациялардан ауытқулардың және сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану белгіленген әуе кеңістігінде ұшуды жүргізуге қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, рұқсат етілген арнайы ұшулар тізімі.

10-тарау. Авариялық және құтқару жабдықтардың бақылау тізімі, сонымен қатар оны пайдалану бойынша нұсқаулықтар.

11-тарау. Жағдайлардың түріне қарай арнайы рәсімдерді, экипаждың іс-қимылын үйлестіруді, авариялық жағдайда экипаж мүшелеріне жұмыс орындарын бекіту және экипаждың әрбір мүшесіне тапсырылған авариялық міндеттерді қоса алғанда, авариялық эвакуация қағидалары.

12-тарау. Әдеттегі, штаттан тыс және авариялық жағдайларда қызмет етуші экипаж әрекеттерінің тәртібі, соған байланысты бақылау карталары, сонымен қатар белгіленген талаптарға сәйкес әуе кемесінің жүйелері туралы ақпарат және ұшу және қызмет көрсететін экипаж әрекеттерін үйлестірудің қажетті рәсімдерін сипаттау.

13-тарау. Түрлі бағыттарға арналған құтқару және авариялық жабдықтар және оттегінің қажетті және бар қорларды анықтау процедураларын қосқанда, ұшу алдында жабдықтың қалыпты жұмысын тексеру бойынша қажетті рәсімдері.

14-тарау. Тірі қалған адамдардың пайдалануы үшін Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 12-қосымшасындағы "жер – ауа" көрнекі сигналдарының коды.

С-бөлігі. Маршруттар және әуеайлақтар

1-тарау. Әрбір ұшуда ұшу экипажын байланыс құралдары, навигациялық құралдар, әуеайлақтар, аспаптар бойынша қонуға бет алу, аспаптар бойынша ұшып келу және аспаптар бойынша ұшып кету туралы мәліметтермен және пайдаланушы ұшуларды дұрыс жүргізу үшін қажетті деп есептейтін басқа мәліметтермен қамтамасыз ету үшін нақты ұшуға қажетті бағыттық анықтамалық мәліметтер.

2-тарау. Әрбір белгіленген бағытта ұшудың ең төменгі абсолютті биіктіктері.

3-тарау. Белгіленген қону әуеайлағы немесе қосалқы әуеайлақ ретінде пайдалану көзделетін әрбір әуеайлақ үшін пайдалану бойынша минимумдар.

4-тарау. Қонуға бет алуды қамтамасыз ету құралдарының немесе әуеайлақтық құралдардың жұмысы нашарлаған жағдайда әуеайлақтардың пайдалану минимумдарын ұлғайту туралы ақпарат.

5-тарау. Мыналарды анықтауды қоса алғанда, қағидаларда көзделген ұшулардың барлық бағыттарын сақтау үшін қажетті ақпарат:

1) ҰҚЖ беті құрғақ, дымқыл болған және кірлеген жағдайда ҰҚЖ ұзындығына қойылатын талаптарды, сонымен қатар ұшу аралығына әсер ететін жүйелердің істен шығуымен негізделетін талаптар;

2) ұшып кету кезінде биіктік алуды шектеу;

3) маршрут бойынша ұшу кезінде биіктік алуды шектеу;

4) қонуға бет алу және қону кезінде биіктік алуды шектеу;

5) ҰҚЖ беті құрғақ, дымқыл болған және кірлеген жағдайда ҰҚЖ ұзындығына қойылатын талаптарды, оның ішінде ұшу аралығына әсер ететін жүйелерді істен шыққан жағдайда қойылатын талаптар;

6) қосымша ақпарат, мысалы пневматиктің жылдамдығын шектеу.

6-тарау. HUD және EVS пайдалана отырып, қонуға бет алу үшін әуеайлақтарды пайдалану жөніндегі минимумдарды анықтауға қатысты нұсқаулықтар.

D-бөлігі. Дайындық

1-тарау. Ұшу экипажын дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер.

2-тарау. Бортсеріктерді міндеттерді орындауға дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер.

3-тарау. Ұшуды жүргізудің бақылауын жүзеге асыру әдістеріне сәйкес өз қызметтерін орындайтын ұшуды қамтамасыз ету қызметкерін/диспетчерді дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер.

4-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін авиациялық қызметкерлерді дайындау бағдарламасы.

5-тарау. Авиациялық қауіпсіздік бойынша авиациялық қызметкерлерді дайындау бағдарламасы.

4. Тікұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін нұсқаулық мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

A-бөлімі. Жалпы ережелер

1-тарау. Әкімшілік және Ұшуды жүргізу бойынша нұсқауды бақылау.

2-тарау. Ұшуды жүргізуге қатысы бар персоналдың міндеттеріне жалпы сипаттамасы берілген нұсқаулықтар.

3-тарау. Ұшу уақыты мен қызметтік ұшу уақытын нормалау ережелері және ұшу экипажының мүшелері мен бортсеріктердің демалуы үшін жеткілікті уақыт көзделетін қағидалар.

4-тарау. Бортта болуға тиісті навигациялық жабдықтардың тізімі, сондай-ақ сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану белгіленген әуе кеңістігінде ұшуды жүргізуге қатысты кез келген талаптар.

5-тарау. Радиожиілілікті тыңдау қажеттілігі туындаған жағдайлар.

6-тарау. Ұшудың ең төменгі абсолютті биіктігін анықтау әдісі.

7-тарау. Тікұшақ айлағының пайдалану минимумдарын анықтау әдістері.

8-тарау. Бортта жолаушылар болған жағдайда жанармай құю кезінде қолданылатын іс-шаралар.

9-тарау. Жер үсті қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның рәсімдері.

10-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 12-қосымшасында белгіленген оқиғаның куәгері болған әуе кемелері командирлерінің әрекет ету тәртібі.

11-тарау. Орындалатын әрбір ұшу үшін ұшу экипажының құрамы, сондай-ақ, командирлік басшылық ету сабақтастығының тәртібі.

12-тарау. Ұшудың барлық жағдайларын, оның ішінде ұшу бағытында герметизациясын жою және бір немесе бірнеше қозғалтқыштардың тоқтап қалу мүмкіндігін ескере отырып, бактарда болуға тиісті жанармай мен майдың санын есептеу бойынша нақты нұсқаулықтар.

13-тарау. Оттегі және оттегінің қорлары пайдаланылатын жағдайлар.

14-тарау. Салмақ пен салмақты орталықтандыруды бақылауға қатысты нұсқамалар.

15-тарау. Мұз қатуды жою/алдын алу және осы операциялардың орындалуын бақылау жұмыстарына қатысты нұсқамалар.

16-тарау. Ұшудың жұмыс жоспарына қойылатын техникалық талаптар.

17-тарау. Ұшудың әрбір кезеңі үшін стандартты пайдалану рәсімдері (SOP).

18-тарау. Әдеттегі бақылау тізбелерін пайдалану және пайдалану уақытына қатысты нұсқамалар.

19-тарау. Күтпеген жағдайда ұшып кету қағидалары.

20-тарау. Абсолютті биіктік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету етуге қатысты нұсқамалар.

21-тарау. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органының рұқсатын нақтылау және қабылдау, оның ішінде жерді ұшып өтуге қатысты нұсқамалар

22-тарау. Ұшып кету және қонуға бет алуға қатысты нұсқамалық.

23-тарау. Ұшу бағыты мен тағайындау пунктпен танысу.

24-тарау. Аспаптар бойынша қонуға бет алуды бастау немесе жалғастыру үшін қажетті жағдайлар.

25-тарау. Аспаптар бойынша қонуға нақты және нақты емес кіруге қатысты нұсқамалар.

26-тарау. Түнгі уақытта аспаптар бойынша қонуға бет алу мен қону және аспаптық метеорологиялық жағдайлар кезінде ұшу экипажының мүшелері арасында міндеттерді бөлу және жұмыс жүктемесін реттеу рәсімдері.

27-тарау. Азаматтық әуе кемелерін басып алуға қатысты ақпарат пен нұсқаулықтар, оның ішінде:

1) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 2-қосымшасында белгіленген басып алынатын әуе кемелері командирлерінің іс-қимыл жасау тәртібі;

2) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 2-қосымшасынан алынған басып алатын және басып алынатын әуе кемелері пайдаланатын көрнекі сигналдар.

28-тарау. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі туралы толық мәліметтер.

29-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ақпарат және нұсқаулық, сонымен қатар авариялық жағдай туындаған кезінде орындалуға тиісті іс-әрекеттер.

30-тарау. Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар және нұсқамалар.

31-тарау. Тікұшақты қарап тексеру ережелерінің бақылау тізібесі.

В-бөлімі. Әуе кемесін пайдалану бойынша ақпарат.

1-тарау. Сертификаттық шектеулер және пайдалану бойынша шектеулер.

2-тарау. Әдеттегі, штаттан тыс және авариялық жағдайлар кезіндегі ұшу экипажы іс-әрекеттерінің тәртібі және онымен байланысты бақылау карталары.

3-тарау. Тартылыстың/қуаттың және жылдамдықтың белгіленген әртүрлі мәндерін ұшу алдында және ұшуды жоспарлау үшін ұшуды жоспарлау деректері.

4-тарау. Салмақты және салмақты орталықтандыруды есептеу үшін нұсқаулықтар және мәліметтер.

5-тарау. Әуе кемесіне жүктеу және жүкті арқандап байлау бойынша нұсқаулықтар.

6-тарау. Әуе кемелерінің жүйелері, басқарудың тиісті органдары және оларды пайдалану бойынша нұсқаулықтар.

7-тарау. Пайдаланылатын тікұшақтардың түрлері үшін ең аз жабдықтардың және сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану белгіленген әуе кеңістігінде ұшуды жүргізуге қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, рұқсат етілген арнайы ұшулар тізімі.

8-тарау. Авариялық және құтқару жабдықтардың бақылау тізімі, сонымен қатар оны пайдалану бойынша нұсқаулықтар.

9-тарау. Жағдайлардың түріне қарай арнайы рәсімдерді, экипаж әрекеттерін үйлестіруді, авариялық жағдайда экипаж мүшелеріне жұмыс орындарын бекіту және экипаждың әрбір мүшесіне тапсырылған авариялық міндеттерді қоса алғанда, авариялық эвакуация қағидалары.

10-тарау. Әдеттегі, штаттан тыс және авариялық жағдайларда кабина экипажы әрекеттерінің тәртібі, соған байланысты бақылау карталары, сонымен қатар белгіленген талаптарға сәйкес әуе кемесінің жүйелері туралы ақпарат және ұшу және қызмет көрсететін экипаж әрекеттерін үйлестірудің қажетті рәсімдерін сипаттау.

11-тарау. Түрлі бағыттарға арналған құтқару және авариялық жабдықтар және оттегінің қажетті және бар қорларды анықтау рәсімдерін қоса алғанда, ұшу алдында жабдықтың қалыпты жұмысын тексеру бойынша қажетті рәсімдері.

12-тарау. Тірі қалған адамдардың пайдалануы үшін Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 12-қосымшасындағы "жер – ауа" көрнекі сигналдарының коды.

С-бөлігі. Маршруттар және әуеайлақтар

1-тарау. Әрбір ұшуда ұшу экипажын байланыс құралдары, навигациялық құралдар, әуеайлақтар, аспаптар бойынша қонуға бет алу, аспаптар бойынша ұшып келу және аспаптар бойынша ұшып кету туралы мәліметтермен және

пайдаланушы ұшуларды дұрыс жүргізу үшін қажетті деп есептейтін басқа мәліметтермен қамтамасыз ету үшін нақты ұшуға қажетті бағыттық анықтамалық мәліметтер.

2-тарау. Әрбір белгіленген бағытта ұшудың ең төменгі абсолютті биіктіктері.

3-тарау. Белгіленген қону тікұшақ айлағы немесе қосалқы тікұшақ айлағы ретінде пайдалану көзделетін әрбір тікұшақ айлағы үшін пайдалану бойынша минимумдар.

4-тарау. Қонуға бет алуды қамтамасыз ету құралдарының немесе тікұшақ айлақтық құралдардың жұмысы нашарлаған жағдайда әуеайлақтардың пайдалану минимумдарын ұлғайту туралы ақпарат.

5-тарау. HUD және EVS пайдалануды ескере отырып, қонуға бет алу үшін әуеайлақтарды пайдалану бойынша минимумдарды анықтауға қатысты нұсқаулықтар.

D-бөлігі. Дайындық

1-тарау. Ұшу экипажын дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер және қойылатын талаптар.

2-тарау. Бортсеріктерді міндеттерді орындауға дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер.

3-тарау. Ұшуды жүргізудің бақылауын жүзеге асыру әдістеріне сәйкес өз қызметтерін орындайтын ұшуды қамтамасыз ету қызметкерді/диспетчерді дайындау бағдарламасы туралы толық мәліметтер.

4-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін авиациялық қызметкерлерді дайындау бағдарламасы.

5-тарау. Авиациялық қауіпсіздік бойынша авиациялық қызметкерлерді дайындау бағдарламасы.

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
6-қосымша

## Техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқауы

Техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқауы ( бұдан әрі – Нұсқау) мынадай ақпаратты қамтиды:

1. Жалпы ережелер:

1) Жауапты басшы қол қойған ұшу жарамдылығын қолдау бойынша қызметтің сертификациялық талаптарға, Нұсқаудың ережелеріне сәйкестігі туралы декларация және осы сәйкестікті тұрақты түрде қолдап тұру міндеттемесі .

2) Лауазымды тұлғалардың бағыныштылығы иерархиясы көрсетілген ұйымдық құрылымы.

3) Жұмыс (кеңсе) үй-жайлардың жалпы сипаттамасы.

4) Техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша сала.

5) Жауапты басшының, ұйымның белгіленген талаптарға тұрақты сәйкестігіне қатысты жауапты персоналдың аты-жөні мен қызметі көрсетілген басқарушы персонал, сонымен қатар техникалық қызмет көрсетуді реттеуге қатысатын персонал бойынша мәліметтер.

6) Қызметі, мекенжайы мен персоналы бойынша орын алатын өзгерістер туралы құзыретті органды хабардар ету рәсімі.

7) Нұсқауға өзгерістер енгізу рәсімі.

2. 1-бөлім. Ұшу жарамдылығын қолдау бойынша рәсімдер:

1) Техникалық бортжурналды пайдалану және рұқсат етілетін ақаулықтар ( MEL) тізімін қоса тіркеу.

2) Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің бағдарламасы – жасау, өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, бекіту.

3) Пайдаланушының ұшу жарамдылығын қолдау бойынша есеп мәліметтерін және техникалық құжаттарын жүргізу және мұрағатта сақтау.

4) Ұшу жарамдылығы бойынша директиваларды қолдану және бақылау.

5) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасының тиімділігін талдау. Міндетті емес түзетуді (модификациялау) орындау саласындағы рәсімдер (саясат).

6) Маңызды модификацияларды жүзеге асырудың стандарттары.

7) Ақаулықтар мен кемшіліктерді жеткізу.

8) Технологиялық қамтамасыз ету бойынша қызмет.

9) Сенімділік деңгейін бақылау бағдарламасы.

10) Ұшуға дайындық.

11) Әуе кемелерінің салмағын өлшеу.

12) Бақылау мақсатындағы ұшулар.

3. 2-бөлім. Сапа жүйесі:

1) Сапа саясаты, ұшу жарамдылығын қолдау бойынша аудиттің жоспары мен рәсімдері.

2) Ұшу жарамдылығын қолдау бойынша қызметтердің мониторингі.

3) Техникалық қызмет көрсету бекітілген техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымдар арқылы жүзеге асырылатынын растайтын бақылау.

4) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасының тиімділігіне мониторинг жүргізу.

5) Техникалық қызмет көрсету бекітілген техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылатынын растайтын бақылау.

6) Сапа жүйесі аясында аудитті орындайтын персонал.

4. 3-бөлім. Шарт бойынша техникалық қызмет көрсету:

1) Техникалық қызмет көрсетуге мердігерді таңдау рәсімдері.

2) Сапа жүйесі аясында жүргізілетін әуе кемелерінің аудиті.

5. 4-бөлім. Қосымшалар:

1) Құжаттардың үлгілері.

2) Қосалқы мердігерлердің тізімі.

3) Техникалық қызмет көрсетуге шарттар жасалған бекітілген техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымдардың тізімі.

4) Қосалқы мердігерлік жұмыстарына жасалған шарттардың көшірмесі.

5) Бекітілген техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмесі.

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
7-қосымша

Нысан

## Сертификаттық тексеру актісінің үлгі нысаны

____________________________ 20__ жылғы "___" ______ № ________________
_
(уәкілетті органның атауы)

бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға: _________________________________________________________________
_
(Т.А.Ә., лауазымы)

Комиссия мүшелері: ____________________________________________________
__
(Т.А.Ә., лауазымы)

______________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

______________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

өтініш беруші ___________________________________________________________
_
(заңды тұлғаның атауы)

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сертификаттық тексеру жүргізді.

Қорытындының мәтіні: ______________________________________________
__
Төраға: _________________________________ _________________________
(Т.А.Ә.) (қолы)
Комиссия мүшелері: ______________________ _________________________
(Т.А.Ә.) (қолы)
Актімен таныстым:
Ұйымның басшысы: ________________________ ________________________
_
(Т.А.Ә.) (қолы)

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
8-қосымша

Нысан
Елтаңба
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
_____________________________________________________
Уәкілетті органның атауы

# ПАЙДАЛАНУШЫ СЕРТИФИКАТЫ

№ KZ – 01/001

| | | |
|---|---|---|
| Қолданылу мерзімінің аяқталу күні: | Пайдаланушының атауы __________________________________; ИКАО-ның 3-әріптік коды: __________ Пайдаланушының мекенжайы: Телефон: Факс: E-mail: | Пайдаланудағы жедел байланыс Байланыс ақпараты: |

Осы сертификат пайдаланушы ____________________________________
(пайдаланушының атауы)
қоса беріліп отырған пайдалану ерекшеліктерінде айқындалғандай, Ұшуды орындау жөніндегі нұсқауға және Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасына сәйкес коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыру құқығы берілгенін куәландырады.
Инспекциялық бақылауды ________________________ жүзеге асырады.
(уәкілетті органның атауы)
МО Уәкілетті органның басшысы не
ол уәкілеттік берген адам

_____________ _________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Берілген күні: 20__ ж. "___" ___________
Уәкілетті орган

_______________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат №)

**Пайдалану ерекшеліктері**
**(пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)**

А бөлігі - Жалпы ережелер

1. Осы пайдалану ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20__ жылғы ____________ № _______ қаулысымен бекітілген Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго, 1944 ж.) 6-қосымшаға сәйкес беріледі.

2. _____________________________________ берген № _______ пайдаланушы сертификаты бар пайдаланушы "________" ұшуды орындауға даярланған.

3. Пайдаланушы "______" коммерциялық әуе тасымалдарын орындау үшін мынадай өндірушілер мен модельдердің әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етіледі:

Ішкі және (немесе) халықаралық әуе желілерінде ұшу үшін:

| Өндіруші | Моделі | Барынша жүк көтерімділігі мен жолаушы сыйымдылығы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

1-бағанда әуе кемесін өндіруші зауыт көрсетіледі; 2-бағанда әуе кемесінің үлгісі және мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі; 3-бағанда тоннамен көрсеткіш және жолаушылар орындарының саны көрсетіледі.

______________________________ _____________ ______________________
(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)
не ол уәкілеттік берген адам)
МО
Берілген күні: 20__ ж. "___" __________
Уәкілетті орган

__________________________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат № ___)

**Пайдалану ерекшеліктері**
**(пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)**

## В бөлігі – Маршруттардағы рұқсаттар мен шектеулер (ұшақтар)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган туралы байланыс ақпараты Телефон: __________________; Факс: _____________; E-mail: _____________ | | | | |
| ПС №: __________________ Пайдаланушының атауы: _____________ ИКАО коды: | | | | |
| Әуе кемесінің моделі: Тіркеу нөмірі: | | | | |
| Ұшу түрлері: Коммерциялық әуе тасымалдары: Тұрақты ☐ ; ☐ Тұрақты емес; ☐ Жолаушылар; ☐ Жүктер; ☐ Өзгелер ________________ | | | | |
| Ұшу ауданы(-дары): | | | | |
| Арнайы шектеулер: | | | | |
| Арнайы рұқсаттар: | Иә | Жоқ | Арнайы бекітулер | Ескертулер |
| Қауіпті жүктер | ☐ | ☐ | Қауіпті жүктерді тасымалдау ИКАО Техникалық нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады | |
| Нашар көрінетін жағдайларда ұшу: Қонуға бет алу және қону; Ұшып көтерілу | ☐ ☐ ☐ ☐ ☐ | ☐ ☐ ☐ ☐ ☐ | CAT I RVR: м; DH м (фут); CAT II RVR: м; DH м (фут); CAT IIIA RVR: м; DH м (фут); CAT IIIB RVR: м; DH м (фут);<br><br>RVR: ______ м | 2NDB VIS м; MDH м; (фут); VOR/DME VIS м; MDH м; ( фут); |
| RVSM ☐ Қолданылмайды | ☐ | ☐ | | |
| EDTO ☐ Қолданылмайды | ☐ ☐ | ☐ ☐ | Шекті уақыт: _______ мин Қосалқы әуеайлаққа дейінгі ұшудың ең ұзақ уақыты: _______ мин | |
| | ☐ ☐ ☐ | ☐ ☐ ☐ | RNAV 10 RNP10 RNAV 5 RNP5 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| PBN жағдайларында ұшу үшін навигациялық ерекшеліктер | ☐<br>☐<br>☐ | ☐<br>☐<br>☐ | RNAV 2 RNP 2<br>RNAV 1 RNP 1<br>RNP 4<br>RNP APCH | |
| MNPS (Солтүстік Атлантика) | ☐ | ☐ | ☐<br>Шектеулерсіз<br>☐<br>Шектеулермен | Ескерту: |
| Ұшу жарамдылығын сақтау | | | | |
| Өзгелер | ☐ | ☐ | | |

________________________________ ______________ ______________________

(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)

не ол уәкілеттік берген адам)

МО

Берілген күні: 20__ ж. "___" __________

Уәкілетті орган

_____________________________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат № ____)

## Пайдалану ерекшеліктері
## (пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)

B/1 бөлігі – Маршруттардағы рұқсаттар мен шектеулер (тікұшақтар)

| |
|---|
| Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган туралы байланыс ақпараты Телефон: __________________; Факс: _____________; E-mail: _____________ |
| ПС №: __________________ Пайдаланушының атауы: _____________ ИКАО коды: |
| Әуе кемесінің моделі: Тіркеу нөмірі: |
| Ұшу түрлері: Коммерциялық әуе тасымалдары: Тұрақты<br>☐<br>;<br>☐<br>Тұрақты емес;<br>☐<br>Жолаушылар;<br>☐ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жүктер;<br>☐<br>Өзгелер ________________ | | | | |
| Ұшу ауданы(-дары): | | | | |
| Арнайы шектеулер: | | | | |
| Арнайы рұқсаттар: | Иә | Жоқ | Арнайы бекітулер | Ескертулер |
| Қауіпті жүктер | ☐ | ☐ | Қауіпті жүктерді тасымалдау ИКАО Техникалық нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады | |
| Нашар көрінетін жағдайларда ұшу: Қонуға бет алу және қону; Ұшып көтерілу | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ | CAT I RVR: м; DH: м (фут); CAT II RVR: м; DH: м (фут);<br><br>Н об: ___ м (фут); Вид: м; | 2NDB Вид: м; MDH м; (фут); VOR/DME Вид : м; MDH м; ( фут); |
| PBN жағдайларында ұшу үшін навигациялық ерекшеліктер | ☐<br>☐<br>☐ | ☐<br>☐<br>☐ | R N A V 5 R N P 5<br>R N A V 1 R N P 1<br>RNP APCH | |
| Ұшу жарамдылығын сақтау | X | X | | |
| III сыныптағы ҰТС тікұшақтарымен АҰҚ бойынша ұшу | ☐ | ☐ | | |
| Сыртқы ілмектегі жүкпен ұшу | ☐ | ☐ | | |
| | | | | |
| Өзгелер | ☐ | ☐ | | |

___________________________________ _______________ _________________________

(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)

не ол уәкілеттік берген адам)

МО

Берілген күні: 20__ ж. "___" _________
Уәкілетті орган

_________________________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат № ____)

## Пайдалану ерекшеліктері
## (пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)

С бөлігі – Әуе кемелерінің салмағына, орталықтандыруға рұқсат етілген стандартты сандық нормалар мен оларды шектеу

| ӘК үлгісі | Шекті салмағы (кг.) | Шекті орталықтандырылуы (%-бен САХ) | |
|---|---|---|---|
| | | Алдыңғы | Артқы |
| | | | |

Шектеулер: Шекті салмақтан және орталықтандыру шектеулерінен жоғары әуе кемелерін пайдалануға тыйым салынады.

Ескертпе: Егер жекелеген әуе кемелерінің сипаттамалары үлгі сипаттамалардан өзгеше болса, олар бөлек тізіммен көрсетіледі.

______________________________ _____________ ______________________

(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)
не ол уәкілеттік берген адам)
МО
Берілген күні: 20__ ж. "___" _________
Уәкілетті орган

_________________________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат № ____)

## Пайдалану ерекшеліктері
## (пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)

D бөлігі – Техникалық қызмет көрсету

Пайдаланушы "________" әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің мынадай түрлерін жүзеге асыруға рұқсат етіледі:

| Әуе кемелерінің түрлері мен борттық нөмірлері | Пайдаланушының өз күшімен жүзеге асырылатын техникалық қызмет көрсету түрлері | | Шарттар негізінде жүзеге асырылатын техникалық қызмет көрсету түрлері | |
|---|---|---|---|---|
| | *Жедел | *Мерзімді | *Жедел | *Мерзімді |
| | | | | |

*Ескертпе: техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның атауы мен мекенжайын (мемлекет, қала), сертификаттың (куәліктің) нөмірі мен қолданылу саласын, кім және қашан бергенін, қолданылу мерзімін көрсету қажет.

______________________________ _____________ ______________________

(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)
не ол уәкілеттік берген адам)
МО
Берілген күні: 20__ ж. "___" _________
Уәкілетті орган

______________________________________________________________

(пайдаланушының атауы, сертификат № ____)

## Пайдалану ерекшеліктері
## (пайдаланудағы талаптар мен шектеулер)

Е бөлігі – Әуе кемелерін жалға алу

Пайдаланушы "_________" мынадай жалға алынған әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етіледі:

| Әуе кемелерінің түрлері мен борттық нөмірлері | Жалға беруші туралы мәлімет ( ӘК иесінің атауы, заңды мекенжайы) | Шарттың түрі (экипажбен немесе экипажсыз жалға алу, лизинг, фрахт), нөмірі, күні және қолданылу мерзімі |
|---|---|---|
| | | |

______________________________ _____________ ______________________

(уәкілетті органның басшысы (қолы) (Т.А.Ә.)
не ол уәкілеттік берген адам)
МО
Берілген күні: 20__ ж. "___" _________

Сертификаттау және азаматтық әуе
кемелерін пайдаланушы сертификатын
беру қағидасына
9-қосымша

Нысан
Уәкілетті органның басшысына
Пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктеріне өзгерістер мен толықтырулар (дәлелді құжаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар) енгізуге

## Өтінім

___________________________________________________________________
___
(өтініш берушінің толық атауы)

___________________________________________________________________
___
(пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктеріне өзгерістер мен толықтырулар (дәлелді құжаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар)
енгізуді сұраймын.
Ұшуды бастаудың жоспарланған күні: _________________________________
_
___________________________________________________________________
___
(өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде қолданыстағы сертификаттың аяқталу мерзімі, сондай-ақ жаңа пайдалану жағдайларында ұшуды бастаудың жоспарланған күні көрсетіледі)
Басшы __________________________________________________________
(қызметі/қолы/күні)
М.О.

## Пайдаланушы сертификатына өзгерістерді енгізуге арналған құжаттардың тізбесі

1. Әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізген кезде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінім;

2) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) ұшуға жарамдылық сертификатының көшірмесі, радиостанцияға арналған рұқсат (лицензия), әуе кемесі тұрған жердегі шу бойынша сертификат көшірмесі;

4) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі;

5) ұшуға жарамдылықта ұстау туралы мәліметтер;

6) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету туралы мәліметтер;

7) ұшу және техникалық құрам туралы мәліметтер;

8) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері;

9) әуе кемесін дезинфекциялау туралы сертификат;

10) Ұшуды орындау жөніндегі нұсқауға, техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушы нұсқауына, техникалық қызмет көрсету бағдарламасына, ең аз жабдықтардың тізбесіне (MEL) тиісті өзгерістер мен толықтырулар.

2. Экипажсыз жалға алынған әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізуге арналған құжаттардың тізбесі.

Пайдаланушы әуе кемесін экипажсыз жалға алған жағдайда, осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) әуе кемесінің түрі, моделі және сериялық нөмірі туралы мәліметтер;

2) әуе кемесі иесінің тегі (атауы) және мекенжайы;

3) тіркелген мемлекеті, ұлттық және тіркеу белгілері туралы мәліметтер;

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешімнің көшірмесі (өзге мемлекетте тіркелген әуе кемесін жалға алған жағдайда);

5) әуе кемесінің пайдалану бойынша бақылауға, техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға жауапты тараптар, сонымен қатар жалға алу мерзімі көрсетілген әуе кемесін экипажсыз жалға алу туралы шарттың көшірмесі;

6) ұшу орындалатын аудандар.

3. Әуе кемесі экипажбен жалға алынған жағдайда пайдаланушы сертификатына өзгерістер енгізуге арналған құжаттардың тізбесі.

Пайдаланушы әуе кемесін экипажбен жалға алған жағдайда, осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) әуе кемесінің пайдалану бойынша бақылауға, техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға, сонымен қатар экипаж мүшелерін даярлауға жауапты тараптар көрсетілген әуе кемесін экипажбен жалға алу туралы шарттың көшірмесі;

2) әуе кемелерінің саны, түрі, моделі мен сериялық нөмірі;

3) әуе кемесі иесінің Т.А.Ә., мекенжайы;

4) тіркелген мемлекеті, ұлттық және тіркеу белгілері;

5) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешімнің көшірмесі (өзге мемлекетте тіркелген әуе кемесін жалға алған жағдайда);

6) ұшқыштар құрамы туралы мәліметтер, олар мынаны қамтиды:

шетелдік авиация персоналының куәліктерін танудың көшірмелері;

ұшу куәліктерінің көшірмелері;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмелері;

біліктілікті жетілдіру курстарынан өткенін растайтын құжаттардың көшірмесі , оның ішінде халықаралық әуе желілері бойынша ұшу үшін.

4. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылады.

5. Әуе кемелерін пайдалануды тоқтатқан жағдайда, пайдаланушы бұл туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлайды, бұл аталған әуе кемелерін пайдаланушы сертификатынан алып тастау үшін негіздеме болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1431 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2014 № 400 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК